



# **жадынама**

**терроризмнің алдын алу  
немесе терроризм қаупі төнген  
кездегі қауіпсіздік ережелері**

Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Каркимбаев М.Б.

# Шұғыл телефон нөмірлері

| Қауіпсіздік<br>нөмірі | Полиция | Антитеррорис<br>тік хабарлама<br>нөмірі | Жедел<br>жәрдем<br>қызметі |
|-----------------------|---------|-----------------------------------------|----------------------------|
| 112                   | 102     | 110                                     | 103                        |




# Терроризм болатындығы жайлы қоңырау түссе

- Мәтін мазмұнын есте сақтаңыз
- Дауыс ерекшелігі, дауыс ырғағы, сөйлеу мәнерін есте сақтауға тырысыңыз



- Сөйлесуді диктофонға жазып алуға тырысыңыз
- Телефон тұтқасын қоймай тұрып нөмірді жазып алуға тырысыңыз



- Бірден құзырлы органдарға шағымданыңыз,
- хабарлаңыз, телефон соғыңыз!



# Қорқытып-үркітіп жазылған хат сізге келсе...

- Хатты абайлап ұстаңыз, ішінде қауіпті, улы заттар болуы мүмкін

Оны қатты, жабық пакетке салыңыз


Хатта қолтаңба іздерін

- қалдырмауға тырысыңыз

Ашқан жағдайда барынша

- қауіпсіздік шараларын сақтаңыз

Құзырлы орындарға хабарлаңыз!



# Төнген қауіп – қатер жайлы полицияға қалай шағым түсіру керек?

Сіздің өзіңізді қылмыскер деп танып қалмас үшін, жалған  
ақпарат таратушы деп кінә тағылмас үшін – **өзіңіз**  
**туралы толық ақпарат беріңіз, аты-жөніңіз,**  
**қызметіңіз, қайдан хабарласып тұрғаныңыз және**  
**ақпаратты қайдан, қашан алғаныңызды толық**  
**айтыңыз**



# Жарылатын заттың бар екенін білдіретін белгілер

- Антенна
- Сағат механизмінің дыбысы
- Түрлі сымдар
- Батарейкалар
- Түрлі ленталар
- Иесіз заттар
- 



# Жарылғыш заттардың ең жиі қойылатын жерлері

Қоғамдық орындар-  
базарлар, аялдамалар,  
қоғамдық көліктер,  
дүкендер, ойын-сауық  
орындары, театр,  
кинотеатрлар,  
аландар, көліктер  
тұрағы т.б.



Қандай жағдай болса да  
сабырлық сақтаңыз!



# Егер



Базарлар, аялдамалар, қоғамдық көліктер, дүкендер, ойын-сауық орындары, театр, кинотеатрлар, алаңдар, көліктер тұрағы т.б. жерден күмән тудыратын қандай да бір сумка, оралған зат, пакет т.б. тауып алсаңыз

1. Тиіспеңіз, ашпаңыз
2. Жақындамаңыз, орнынан қозғамаңыз
3. Жанында тұрып ұялы телефонмен сөйлеспеңіз
4. От тұтанып кету қаупін тудырмаңыз
5. Балалар! - Сіздер тауып алсаңыздар, үлкен адамдарға хабар беріңіз
6. «102» нөміріне қоңырау шалыңыз



**Теракт кезінде не істеу керек**

- 1. Адам көп шоғырланған жерден алыс кетіңіз**
- 2. Тұншығып қалмас үшін галстук, шарф т.б.шешіп тастаңыз**
- 3. Киім түймелерін ағытып тастаңыз, от тиген жағдайда тез шешілу үшін**
- 4. Көп кісіге қарсы жүрмеңіз**
- 5. Құлап қалсаңыз, басыңызды қолыңызбен қорғап, аяғыңызды бірден жинап, ұшып тұруға жағдай жасаңыз**



# Егер...

Көшеде терактіге кездессеңіз

1. Жарылыс болған жерге жоламаңыз, қайталануы мүмкін, барынша алыс кетуге тырысыңыз
2. Үлкен ғимараттардың бұрыштарын паналаңыз, тығылыңыз
3. Басыңызды қолмен жауып, жерге жата қалыңыз
4. Полицияға хабарласыңыз
5. Көмекке мұқтаж жанға қол ұшын беріңіз
6. Электр сымдарының құлауынан абай болыңыз
7. Биік ғимараттардың сыртында қалып қалмауға тырысыңыз
8. Полиция өкілдері келгенде барлық білгеніңізді айтыңыз



# Егер...


## Оқ атылғанын естісеңіз

- Терезеге, есікке қарай жақындамаңыз



- Дауыс естілген жақтағы бөлмеге кірмеңіз

Полицияға қоңырау шалыңыз



- Бөгде кісіге есік ашпаңыз

Көшеге шықпаңыз



# Егер...

Теракт ғимарат ішінде орын алса

Терезеге, есікке қарай  
жақындамаңыз

- Дауыс естілген жақтағы бөлмеге кірмеңіз
- Полицияға қоңырау шалыңыз
- Лифт пайдаланбаңыз
- Әйнек бар жерге жоламаңыз
- Есіктің, бөлменің құламайтын бұрыштарына тұрыңыз
- Ашық сымға, тоққа жоламаңыз



# Егер...

**Теракт жасалды деген жедел ақпарат түссе**

- Жылдам эвакуацияға дайын болыңыз
- Сөмкеге бас құжат, ақша, аздаған тамақ, ысқыратын ысқыруық салыңыз
- Кішігірім дәріхана алып алыңыз
- Балкон мен лоджиядан тез жанатын заттарды алып тастаңыз
- Радио, теледидар қосып, хабарламалады мұқият тыңдаңыз
- Адам көп шоғырланған жерден алысқа кетіңіз
- Жаныңызда құтқару қызметінің нөмірлерін сақтаңыз



# Эвакуация жасау туралы хабар келсе



- Тыныштық сақтаңыз
- Құқық қорғау органдары мүшелерінің айтқанын тыңдаңыз
- Жылдам киініп, көмекке зәру адамдарға көмектесіңіз
- Ғимараттан дүрлікпей, қорқыныш сезімін тудырмай шығуға тырысыңыз
- Жүгірмеңіз
- Газ, су, жарық көздерін өшіріңіз
- Ғимараттан аулаққа кетіңіз
- Бірі біріңізді түгендеңіздер
- Куәгерлердің барлығын полиция қызметкерері келгенше дайындап қойыңыз
- 



## Егер террористер СІЗДІ кепілге алса

Барынша тыныштық сақтаңыз

Айқайламаңыз, қарсы

шықпаңыз, бағыныңыз

Ұстамды болуға тырысыңыз

Өз бетіңізше ешкімге қоңырау

шалуға тырыспаңыз

Қылмыскерлерге өз жеккөріну

сезіміңізді білдірмеңіз,

ашуландырмаңыз

Көмек көрсетуге зәру жанға

көмектесуге тырысыңыз

Өміріңізге қауіпсіз екеніне анық

көз жеткізсеңіз ғана көмекке

шақырып, телефон соғыңыз

Қашып шыға алатындығыңызға

көзіңіз анық жетпесе, қашпаңыз

**Есте сақтаңыз! Сізді міндетті**

**түрде көмек көрсетіледі!!!**



# Террористерден, кепілдіктен құтқару кезіндегі арнайы операция кезінде ЕСТЕ ҰСТАҢЫЗ



- Еденге бетіңізді қаратып, төмен қарап жатыңыз
- Қолыңызды желке тұсына апарыңыз
- Арнайы жасаққа қарай жүгірмеңіз
- Есік, терезеге жақындамаңыз
- Қолыңызға қару ұстамаңыз
- Қылмыскерлерге қарсы шабуылдамаңыз
- Орныңыздан қозғалмаңыз
- Қарсылық танытпаңыз



# Терактіден соң өрт қауіпі туындаса

# 101

- Өрт сөндіру қызметіне қоңырау шалыңыз
- Дым шүберек арқылы дем алыңыз
- Киіміңізді түгел сулап алыңыз
- Тезірек алыс жаққа кетуге тырысыңыз
- Тізерлеп, жер бауырлап жүруге тырысыңыз
- Лифт пайдаланбаңыз
- Егер ғимараттан шығу мүмкін болмаса терезені ашып, көмек сұраңыз, қолыңызға ашық түсті мата алып, белгі беріңіз

